

«Келісемін»
Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары
Г.Е.Ашықбаева



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
О.А.Атангарин
«28» тамыз 2024ж



**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған
11 кластың жылдық тәрбие жұмыс жоспары**

Класс жетекшісі: Жұма Айымгүл Қабіболлақызы



ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ✦ **тәуелсіздік және отаншылдық**
- ✦ **бірлік және ынтымақ**
- ✦ **әділдік және жауапкершілік**
- ✦ **заң және тәртіп**
- ✦ **еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
- ✦ **жасампаздық және жаанашылдық** құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жанартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету 1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020ж №130 бұйрығы 2. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж №26 бұйрығы 3. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесі бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж №748 қаулысы 4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021ж №235 бұйрығы 5. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жж арналған кешенді жоспар бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023ж №748 қаулысы 6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрық				
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинар конференцияларға қатысу, өткізу.				
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы «Жедел қызмет нөмірлері» (10 минут)	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09.
2	«Отбасы – өмір айнасы» Қауіпсіздік сабағы «Сіздің әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қалай қабылдауға және мектептегі қауіпсіз ортаны сақтауға болады?» (10 минут)	Сабақ жоспары Слайд	Сынып жетекшісі	09.09
3	«Ана – өмір шырағы» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіпі» (10 минут)	Аналар күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.09
4	«Еңбек түбі- береке» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай	Еңбек күніне арналған сынып	Сынып жетекшілері	23.09

	қамтамасыз ету керек?»(10 минут)	сағаты		
5	«Еңбекпен жетістікке жеткендер» «Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік»(10 минут)	сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.09
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
1	«Лудомания ғасыр дерті» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.10
2	«Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан тандарым» Қауіпсіздік сабағы «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.10
3	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Тарихы сырлы, ертегі нұрлы ғажайып ел!» Қауіпсіздік сабағы «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»(10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	21.10
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы «Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	04.11
2	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны» Қауіпсіздік сабағы «Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	11.11
3	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы «Жедел қызмет нөмерлері»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	18.11
4	«Әділ болуға өзінді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» Қауіпсіздік сабағы «Сіздің әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қалай қабылдауға және мектептегі қауіпсіз ортаны сақтауға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	25.11
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТМАҚ АЙЫ				

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	02.12
2	«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.12
3	«Бірлік түбі-береке» Қауіпсіздік сабағы «Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.12 16.12.
4	«Тәуелсіздік баға жетпес байлығым» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	23.12

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.01
2	«Заңдылық және құқықтық тәртіп» Қауіпсіздік сабағы «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, мектеп инспекторы	20.01
3	«Арам мен адал, обал мен сауап – ұлтымыздың ұстанымы» Қауіпсіздік сабағы «Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	27.01

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы «Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері» (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	03.02
2	Қауіпсіз қоғам «Кибербуллинг дегеніміз не?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.02.

	Қауіпсіздік сабағы «Жедел қызмет нөмерлері»(10 минут)			
3	«Жасампаздық пен жаңашылдық рухтың жаршысы» Қауіпсіздік сабағы «Іс- шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.02
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қаупі»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	24.02
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 наурыз – Алғыс айту күні				
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні				
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі				
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, ата ана	03.03
2	«Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы «Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.03
4				
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні				
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні				
12 сәуір – Ғылым күні				
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні				
23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1	«Біз тандаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»(10 минут)	Сабақтың жоспары		07.04
2	«Мамандықтар әлеміне саяхат» Қауіпсіздік сабағы «Шынайы достық пен жалған достықты	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.04

	ажырату»(10 минут)			
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Қауіпсіздік сабағы «Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	21.04
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» Қауіпсіздік сабағы «Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	28.04
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ				
1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні				
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні				
9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні				
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні				
18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні				
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Біз әртүрліміз, біз теңбіз» Қауіпсіздік сабағы «Жедел қызмет нөмерлері»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.05
2	«Бұл өмірдің мәні –сенсің, қымбатты досым» Қауіпсіздік сабағы «Іс- шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.05
3	«Қауіпсіз қоғам». «Дін және терроризм» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.05
4	«Білімім – Отаным!» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?» (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	19.05

Бұлақтыкөл орта мектебі

2024-2025 оқу жылына арналған
11-класс жетекшісі А.Қ.Жұманың
тәрбие жұмысының жылдық жоспары
бойынша сараптамалық талдауы

Мамыр 2025 жыл

Бұлақтыкөл орта мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы
11 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының
жыл бойғы жоспары бойынша сараптамалық талдауы

2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының жоспары жасалып 11 сынып оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып бекітілді.

Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ✦ **тәуелсіздік және отаншылдық**
- ✦ **бірлік және ынтымақ**
- ✦ **әділдік және жауапкершілік**
- ✦ **заң және тәртіп**
- ✦ **еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
- ✦ **жасампаздық және жаңашылдық** құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Сыныптағы оқушылармен жүргізілген тәрбие сағаттары мен қосымша жұмыстар туралы

Тәрбие жұмысын әлеуметтік – педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуде жыл басында кластағы әр оқушыға тұрмыстық – зерттеу актісі жасалып мектептің тәрбие ісінің орынбасары Г.Е.Ашықбаеваға тапсырылды. Зерттеу актілерімен таныса отырып тұрмыстық жағдайы нашар, жетім, жартылай жетім, көп балалы оқушылар анықталып, ата-анасының тарапынан оқушыға қажетті құжаттар жинақталып, жеңілдік санатына енетін оқушылар анықталды. Ол оқушылар: Аманиязова Гүлбахар, Асылбекқызы Альбина - жартылай жетім, Шәкір Ақниет - АӘК алатын отбасы, Ерболатқызы Инабат, Бисенбаев Илияс - көп балалы отбасы санатына енгізілді. Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары бойынша аз қамтылған оқушылармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы баласы – Шәкір Ақниетке тегін тамақ, киім-кешек, оқу - құралдары берілді.

Кластағы оқушылар саны	Қыз бала саны	Ер бала саны
9	5	4

Жыл бойғы тәрбие сағатына келетін болсам, 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілді.

Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. 1-қыркүйек Білім күніне сай негізделген «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Оқу жылының басында оқушыларға мектеп ережесі, оқушы ережесі, міндеттері туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп, оқу жылы барысында техникалық қауіпсіздік

ережелерін қатаң сақтау ескертіліп, ата-аналарға және оқушыларға қол қойдырылып алынды. Класс оқушыларының ата – аналары жиналысы жасалынып, ата – аналарға мектеппен, класс жетекшісімен және мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыста болуы керек екені міндеттелді.

Қазан айында «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында 5-қазан –Мұғалімдер күні мерекесіне орай тәрбие сағаты өткізілді. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі ұйымының ұйымдастыруымен «Дублер күні» әр сынып оқушыларының сабақ беруі кезінде 11-сынып оқушылары өздерінің сүйікті пәндері бойынша төменгі сыныптарға әр түрлі әдіс – тәсілдермен сабақ өткізуде үлестерін қосты. Атап айтар болсам: Мектеп директоры қызметін басқаруда - Аманиязова Г.А ДОДЖО қызметін басқаруда Ерболатқызы И - жетекшісі: Нурмағанбетова Б.С; ДТДЖО қызметін - Шәкір А.А; Мектеп психологі қызметін –Жеңісов Н.Ә жетекшісі: Ашықбаева Г.Е; Математика пәні Оразғалиева Қ.Ж – жетекшісі: Құралдықова А.Қ; 8- сынып үшін дене шынықтыру пәні Сабыров А.Ж – жетекшісі: Әбілқарім А.Ә; 6-сынып үшін Физика пәні Жеңісов Н.Ә - жетекшісі:Нурмағанбетова Б.С; 4-сынып үшін музыка пәні Шәкір А.А – жетекшісі: Мустафина Қ.Ж; 6,7,8 – сыныптар үшін орыс тілі мен әдебиеті пәні Ерболатқызы И – жетекшісі: Жұма А.Қ; 5-сынып үшін қазақ тілі мен әдебиеті Асылбекқызы А – жетекшісі: Суймуханова Б.А оқушылар жетекшілерімен бірлесе отырып керемет сабақтар жүргізді. Апта соңында белсенділік көрсеткен оқушылар марапатталды.

Сәуір айында Оқушыларға мамандық тандау маңыздылығын түсіндіру; Өртүрлі кәсіптердің ерекшеліктерін ұғындыру; Тандаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау мақсатында «Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбында ашық тәрбие сабағы өткізілді. сабақты қорытындылау, кеңес беру.

Достықты қадірлей білу, досыңның кемшілігін кешіре білу, адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер, адамгершілік нормалары, әлемнің татулығы – бәрі де осы достықтан бастау алатындығы жөнінде мәлімет берілді.

Класс оқушыларымен оқу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері:

Оқу озаты оқушының аты-жөні	4 пен 5 ке оқитын оқушының аты – жөні	Қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушы саны
Аманиязова Гүлбахар	Ерболатқызы Инабат Асылбекқызы Альбина Жеңісов Нұрым Оразғалиева Қызғалдақ	Бисенбаев Ілияс Абаев Ынтымақ Шәкір Ақниет Сабыров Айқын

Классың жыл бойынша оқу үлгерімінің пайызы – 100%

I- тоқсан бойынша 55,5%

II-тоқсан бойынша 55,5%

III тоқсан бойынша 33,3%

IV тоқсан бойынша 55,5%



Класс оқушыларының жыл бойы жетістіктері.

11 сынып оқушылары мектепшілік қоғамдық жұмыстарға, аудандық пәндік олимпиадаларға белсене қатысты, спорттық жарыстарға, үйірмелерге қатысып жетістіктерге жетті.

9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінде тарих пәнінен 1 орын - Сабыров А.Ж, Абаев Ы.Е, Шәкір А.А, география пәнінен 1 орын - Жеңісов Н.Ә, ағылшын тілі пәнінен 1 орын – Ерболатқызы И, биология пәнінен 1 орын – Асылбекқызы И, Оразғалиева Қ, Бисенбаев І.К, Құқық негіздері пәнінен 1 орын – Аманиязова Г.А

9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Құқық негіздері пәнінен 1 орын алған - Аманиязова Г.А облыстық кезеңге жолдама алды.

«XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысының аудандық кезеңіне қатысып, үздік деп танылып Аманиязова Г.А ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. «Бала құқығы – асыл қазына» атты пікірталаста «Үздік спикер» атағын жеңіп алды. Жалпы білім беретін орта мектепті 11 сынып оқушылары 1 «Алтын белгі» иегері – Аманиязова Г.А, 4 оқушы – Ерболатқызы И, Жеңісов Н, Оразғалиева Қ, Асылбекқызы А екпінді, 4 оқушы – Абаев Ы, Сабыров А, Бисенбаев І, Шәкір А қанағаттанарлық деңгейде аяқтамақ.

Класс оқушыларын психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету

Психолог жоспары бойынша 11-сыныпқа ұйымдастырылған: «Басса Дарки», Агрессияға қарсы жаттығулар, «Дасс» сауалнамасы, «Дж.Морено Социометрия» әдістемесі, «Дж.Холланд «Тұлға типтерін анықтау» әдістемесі, «Е.А.Климови «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» әдістемесі, «Медитация», «Мен өмірді таңдаймын», «ҰБТға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау» сұхбат, Қыз балалармен «Кәметке толмаған арасында ерте жүктілік» кеңес, «ҰБТның маңыздылығы қандай?» дәріс, «Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?» тренинг, «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу» әдісі, «Мен сенімдімін» тренинг, Ата-аналарға кеңес сынды жұмыстар жүргізілді. Нәтижелері таныстырылды.

Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар. Қыркүйек айында ата-аналар комитетінің мүшелері сайланып, жоспары жасалынды. Класс ата-аналар комитетінің төрайымы – Алатаева Ж.Н, хатшысы – Сатыбалдина Н.Ш сайланды.

Оқушылардың ата – аналармен жүргізілген жұмыстар

Жүргізілген жұмыстардың түрі	Тақырыбы	Тартылған ата – аналар саны
Жеке әңгіме	Оқушының тәртібі, сабаққа қатысымы, қауіпсіздігі туралы	Күнбе-күн
Жиналыс	1. «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздік құқығы» 2. «Ата-ананың эмоциональды шаршауы» 3. «Тыйым салынған және зиянды тағам өнімдерін пайдаланбау» 4. <i>Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы</i> (Тәуелділіктің алдын алу шаралары) 5. Болашаққа көзқарас: балаға өз әлеуетін ашуға қалай көмектесуге болады 6. <i>Күйзелістен шығар жол</i> (Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті) 7. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік	9
Оқушылардың үйлерін аралау	1. Отбасылық жағдайын зерттеу 2. Оқушының сабағы туралы 3. Оқушының тәртібі туралы	9

Ата – аналар мерекелік шараларды ұйымдастыруда және мектепте өткен сыныптан тыс шараларға ат салысты. Оқушыларға мамандық таңдау маңыздылығын түсіндіру;

Өртүрлі кәсіптердің ерекшеліктерін ұғындыру; Таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау мақсатында «Мамандықтар әлеміне саяхат» атты ашық тәрбие сағатына қатысты.

Класс кабинетінде сынып бұрышы жасақталған. Сынып бұрышында мектеп оқушыларының ережесі, класс белсенділерінің, класс оқушыларының тізімі, сабақ кестесі, құттықтау ілінген.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары

Классағы оқушылар бос уақытын тиімді ұйымдастыру тақырыбында ата – аналармен жиналыста жұмыстар жүргізіліп бос уақыттарын ата-ана тарапынан қатаң бақыланып отырды. Сыныптан тыс мектепшілік спорттық ойындарға үнемі қатысып отырды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар өз деңгейінде жүрді . Класста мектепшілік бақылауда , қалалық ішкі істер бөлімінде , тәуекел топта тұрған тұрған оқушылар

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушы аты-жөні	Тәуекел тобында тұрған оқушының аты – жөні	Психологтың тіркеуінде тұрған оқушының аты – жөні	Зауыт ІІБ де есепте тұрған оқушының аты-жөні
-	Аманиязова Гүлбахар Асылбекқызы Альбина	-	

Оқу жылы басында Аманиязова Гүлбахар, Асылбекқызы Альбина тәуекел тобына алынды.

Алынған себебі:жартылай жетім. Осы оқушылармен сынып жетекші ретінде жұмыстар жүргіздім. Оқушыларға бақылау дәптерін арнап күнделікті оқушының көңіл күйі сабаққа қатысымы бақыланып отырды. Анасымен кездесіп, пікірлесіп оқушының үйдегі жағдайы туралы бақыланып отырды. Сонымен қатар әлеуметтік педагог, психолог оқушылармен кездесіп, сауалнамалар алып нәтижелері қорытындыланып отырды. Оқу жылы барысында оқушыда өзге қылық немесе басқадай әрекеттері көрсетпеді. Жағдайы , көңіл күйлері барлығы қалыпты болды. Гүлбахар мен Альбинаның сабаққа ынтасы өте жақсы.

Жыл бойы айырықша көңіл аударуды қажет ететін оқушылар болған жоқ. Оқушылармен мектеп психологы тарапынан жұмыстар жүрді.

Психологиялық – медициналық – педагогикалық комиссияға (ПМПК) жолданған оқушылар жоқ.

Оқушылардың сабаққа қатысымы туралы

Класс оқушыларының сабаққа қатымы жыл бойына қадағаланып, бақыланып отырды.

2024 -2025 оқу жылында оқушылардың сабаққа қатысымы

I тоқсандағы қатысым пайызы	II тоқсандағы қатысым пайызы	III тоқсандағы қатысым пайызы	IV тоқсандағы қатысым пайызы	Жылдық қатысым пайызы
100 %	100 %	100%	100%	100%

Сабақтан себепсіз қалған дәлелсіз себептермен ұзақ күн сабақты босатқан оқушы болған жоқ. Сабақтан қалған оқушылардың, дәрігерлік анықтамалары мен ҰБТге барған күнгі қолхаттары бар.


Қорытынды: Жоспар бойынша сабақтар жүргізілді, сабақ қатысымы өз анықтамаларымен қамтылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарындағы жоспарланған класс сағаттары , қосымша жұмыстар барлығы өз деңгейінде жүргізілді. Жыл бойына бекітілген 33 класс сағаты, қауіпсіздік сабақтары, апта дәйексөздері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріліп өткізілді. Класс жетекші портфолиосында оқушылар туралы мәлімет, өткізілген класс сағаттарының, ашық класс сағаттарының, кластан тыс шаралардың жоспарлары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың барлық материалдары жинақталып салынған.

Тәрбие жұмысының жүргізілген жұмыстарына талдау жасай келе, 2024-2025 оқу жылына төмендегідей ұсыныстар білдіремін:

1. Кластан тыс шаралар соның ішінде сайыстар, топтық жұмыстар жиі ұйымдастырылса.
2. Тәрбие беретін сахналық көрініс, концерттік кеш мектеп ішінде жиі болып тұрса, оқушылар үшін қызығушылықты арттыруға бірден бір себеп болар еді.
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарымнан аса кемшілік байқамадым. Дегенмен, оқушылардың тәртібін әсіресе қатаңырақ қарауды өзіме міндеттеймін!

Тәрбие жұмысына сараптамалық
талдау жасаған сынып жетекші:



А.Қ.Жұма